

**1999 жылға арналған мемлекеттік бюджетті әзірлеу үшін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 26 тамыз N 806

"1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 25 шілдедегі N 703 P980703\_ қаулысының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігіне арналған бағдарламалар мен кіші бағдарламалардың тізбесі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі 1998 жылғы 15 тамызға дейін мерзімде:

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісім бойынша жоғарыда аталған тізбеге сәйкес министрліктің мемлекеттік тапсырыстарын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік құжаттарын бекітсін;

"Табиғат қорғау объектілерін салуға, қайта жаңартуға және ұдайы өндіруге қатысу" кіші бағдарламасы бойынша объектілердің тізбесін ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі бір айлық мерзім ішінде қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс дайындасын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1999 жылға арналған мемлекеттік бюджеттің жобасын қалыптастыру кезінде табиғатты пайдаланушылардан - заңды және жеке тұлғалардан қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер мен табиғат қорғау заңдарын бұзғаны үшін айыппұлдардың республикалық бюджеттің кірісіне түсетінін ескерсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Үкіметінің 1998 жылғы  
 "26" тамыздағы  
 N 806 қаулысымен бекітілген

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Экология және табиғи ресурстар министрлігінің бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі

N	Атауы	1998 жылы	1999 жылға
		қаржыландыру	арналған
		нысаны	қаржыландыру
		нысаны	
1.	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет		
	көрсетулер		
	Дамытуға арналған шығыстар		
	Республикалық деңгейде орындалатын мемлекеттік тапсырыстар		Ұстауға Көрсетілген қызметтер
	Қоршаған ортаны қорғау және жер		үшін
	қойнауын пайдалану геологиясы		
	саласындағы қолданбалы ғылыми		
	зерттеулер		
4.	Білім беру		
	Ағымдағы мақсаттарға арналған шығыстар		
	Республикалық деңгейде орындалатын мемлекеттік тапсырыстар		Бұл да Бұл да
	Мемлекеттік мекемелер аппаратының		
	кадрларын қайта даярлау		
	Мемлекеттік мекемелердің кадрларын		
	қайта даярлау		
10	Ауыл шаруашылығы, су және орман		
	шаруашылығы, балық аулау, аңшылық және		

	табиғатты қорғау		
	Ағымдағы мақсаттарға арналған шығыстар		
	Республикалық деңгейдегі әкімшілік		
	шығыстар	Бұл да	Ұстауға
	Орталық органның аппараты		
	Аумақтық органдардың аппараты		
	Геологиялық ақпараттарды қалыптастыру		
	Мемлекеттік мекемелер		
	Республикалық геологиялық ақпараттар	Бұл да	Бұл да
	орталығы		
	Республикалық деңгейде орындалатын		Көрсетілген
	мемлекеттік тапсырыстар		қызметтер
	Мемлекеттік экологиялық сараптама	Орындалатын	үшін
	жүргізу	жұмыстардың	
		көлемі бойынша	
	Жер қойнауын қоспағанда, қоршаған		
	ортаның жағдайына экологиялық	Бұл да	
	мониторинг жүргізу		
	Экологиялық насихат	Бұл да	
	Дамуға арналған шығыстар		
	Республикалық деңгейде орындалатын	Ұстауға	Бұл да
	мемлекеттік тапсырыстар		
	Табиғат қорғау объектілерін салуға,	Орындалатын	
	қайта жаңартуға және ұдайы өндіруге	жұмыстардың	
	қатысу	көлемі бойынша	
	Аппараттың материалдық-техникалық	Бұл да	
	базасын нығайту		
	Мемлекеттік мекемелердің	Бұл да	
	материалдық-техникалық базасын		
	нығайту		
	"Табиғат ресурстарының мемлекеттік	Бұл да	
	кадастрлары" деректерінің ақпараттық		
	автоматтандырылған базасын жасау		
11	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және отынды		
	қоспағандағы пайдалы қазбалар; өңдеу		
	өнеркәсібі; құрылыс		
	Ағымдағы мақсаттарға арналған шығыстар		
	Республикалық деңгейде орындалатын	Ұстауға	Бұл да
	мемлекеттік тапсырыстар		

	Жер қойнауы мен жер қойнауын пайдаланудың жағдайына мониторинг жүргізу		
	Ғылыми-зерттеу және тақырыптық жұмыстар		
	Жер асты суларының және қауіпті экзогендік процестердің мониторингін жүргізу		
	Үйлерді күту және қызметкерлердің қызметін қамтамасыз ету		
	Дамытуға арналған шығыстар		
	Республикалық деңгейде орындалатын мемлекеттік тапсырыстар	Бұл да	Көрсетілген
		қызметтер	
		үшін	
	Мемлекеттік геологиялық зерделеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнаулы шешімі бойынша жер қойнауын геологиялық зерделеу жөніндегі бағалау-іздістіру жұмыстары.		
	Жер қойнауы мен жер қойнауын пайдаланушылар туралы ақпараттық базаны жасау және автоматтандыру		
13	Экономикалық қызметке байланысты басқа да қызмет көрсетулер		
	Ағымдағы мақсаттарға арналған шығыстар		
	Республикалық деңгейде орындалатын мемлекеттік тапсырыстар	Бұл да	Бұл да
	Гидрометеорологиялық мониторинг жүргізу		

